

## Ақжайық ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

### **Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 18-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 сәуірде № 5182 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 мамырдағы № 47-3 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 19.05.2020 № 47-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Зандарына сәйкес, Ақжайық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Ақжайық аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 қарашадағы № 32-3 "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімінің (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4146 тіркелген, 2015 жылғы 25 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылдын.

3. Аудандық мәслихат аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы (Т.А.Горбунова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау

банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Мәслихат хатшысы*

*O.Иманғалиев*

*C.Сиражев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК